



"Сайлау науқандары кезеңінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" Риддер қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 340 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 271 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 сәуірде № 8997-16 болып тіркелді

Риддер қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сайлау науқандары кезеңінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" Риддер қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 340 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3885 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы";

1 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

қаулының төменгі сол жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

""Келісілді" Риддер қалалық сайлау комиссиясы".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Д. Батырбаев

"Келісілді"

Риддер қалалық сайлау
комиссиясы

2024 жылғы 5 сәуірдегі
№ 271 қаулысына
қосымша

Риддер қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 18 наурыздағы
№ 340 қаулысына
қосымша

Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындары

1	Риддер қаласы	Индустриальная көшесі 13а, "Виктория" дүкені ғимаратының жанында
2	Риддер қаласы	Киров көшесі 26, автостанция ғимаратына қарама – қарсы
3	Риддер қаласы	Тәуелсіздік даңғылы 24, "Каратай" дүкені ғимаратының жанында
4	Риддер қаласы	Қонаев көшесі 40, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы ғимаратының жанында
5	Риддер қаласы	Гоголь көшесі 39г, "Большая аптека" ғимаратының жанында
6	Риддер қаласы	Үшінші шағын ауданы 5/1, "Ассорти вкуса" дүкенінің жанында
7	Риддер қаласы	Төртінші шағын ауданы 2, "Гастроном" дүкені ғимаратының жанында
8	Риддер қаласы	Роцин көшесі 20, дәріхана ғимаратының жанында
9	Риддер қаласы	Абай даңғылы 73б, "Услада" дүкені ғимаратының жанында
10	Үлбі кенті	Шоссейная көшесі 89, "№ 36" дүкені ғимаратының жанында
11	Үлбі кенті	Дрейман көшесі 6, "Арника" дүкені ғимаратының жанында
12	Пригородное ауылы	Совхозный шағын ауданы 8, "Любава" дүкені ғимаратының жанында